

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

обеспечивающим связь мира людей с Универсумом и объединяющим их в гармоничной целостности... Традиционный музыкант становится персонифицированным субъектом бытия, наделяемым онтологическим статусом, что определяется его способностью упорядочивать пространства. Ведь такая упорядоченность пространства не есть изначальное свойство Мира, а есть *выражение присутствия «Художественного Я» как носителя сознания*, который и упорядочивает пространство в соответствии со своими представлениями о Море» [6, с. 156].

Обобщая сказанное, я просто хочу выразить свою глубокую надежду на то, чтобы айтыс жил вечно; чтобы не только прошлое и нынешнее поколение знали про это устное профессиональное творчество, но и чтобы каждый из нас передавал следующему нашему поколению традиции, обычаи и культурное наследие нашего народа. Ведь где бы ни находился казах, всегда в его душе хранятся наши казахские истоки, наш язык и культура, наше неиссякаемое музыкально-поэтическое творчество.

Список использованных источников:

1. Муканов С. Народное наследие. – Алматы, 1974.
2. Ауэзов М. Избранное. – Алматы: Гл. ред. «Каз. энциклопедия», 1997.
3. Жолдасбеков М. Айтыс // Қазақ өнерінің антологиясы. I том. – Астана: «Күлтегін», 2014 г. – С. 6-10.
4. Айнура Турсынбаева. – Электронный ресурс. - http://instagram.com/aidyn_nury
5. Айтыс в Париже с участием Айнура Турсынбаевой и Балгынбеком Имашевым. — Электронный ресурс. - <http://youtu.be/z8B8FbO6PbI>
6. Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса: Коркут-ата и философия музыки казахов. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 1999. – 285 с.

УДК 124.5

ҚҰНДЫЛЫҚТАР МАЙДАНЫ

Тайбеков Төлеби Болатұлы

tole_bi_95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 5В060300-механика мамандығының 3 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Шойынбаева Ғ.Ә.

Құндылық – философияда – белгілі объекттер мен құбылыстардың қоғамдық-мәдени маңыздылығын және жеке басқа қатысты маңыздылығын нұсқайды. «Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді» [1]. Құндылықтар адам мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт беру рөлін атқарады. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Құндылықтық сана заттың біз үшін қаншалықты бағалы, оның құндылығы неде екенін зерттейді.

Біздің ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымымыз бен құндылықтарымызға сырттан қарсы күштер көп екені бәрімізге белгілі. Өз басым біздің ертеңгі ұрпақ, олар тұрмақ біздің заманымыздың жастары осы Ұлы дала даналығын бойына сіңіріп ала алады ма, әлде жоқ па деген сұраққа мазаланамын. Адамзатты, оның ішінді бізді де дамытып жатқан жаһандану процесінің жаман қырларына да біздің қоғам тап болып отырғаны жасырын емес. Бірақ жаһандану процесі кеше ғана емес, және де алдыңғы 1-2 ғасырда пайда бола салған жоқ. Адамзат жер бетін түгел қоныстанып болғаннан бері қарай бүгінгі күнге дейін жаһандану процесі жүріп жатыр. Бүгінгі күнгі жаһанданудың басты айырмашылығы ақпарат жылдамдығында. Орта ғасырларда ақпараттың баяу ағымы қандай да бір қоғамның екінші

бір қоғамнан келетін ақпараттан өзіне керегін сүзіп алып, жағымсызынан айырылып отыратын. Ол замандарда бір елге ақпараттық үстем жүргізу үшін келесі бір ел оны жаулап алуы қажет болатын. Соның өзінде жаулап алған ел саны жағынан аз немесе рухани әлсіз болса, жаулап алғанымен де өзі жауланған елге сіңісіп кететін. Қалай болғанда да екі ел өзара ақпарат алмасатын. Жаңа технологиялардың дамуымен ақпараттың таралу жылдамдығы өте үлкен болып кетті. Және бұқаралық ақпарат құралдарының адамдарды толық қамтуы, интернеттің пайда болуы бұл процеске өте үлкен серпіліс берді. Нәтижесінде, біз секілді саны аз қоғам, алпауыт елдердің ақпараттық қақпанына оңай түсетін дәрежеде болып қалдық. Біз тұрмақ үлкен мемлекеттер де дамыған батыс елдерінің ақпараттық қақпанында қалды.

Біздің құндылығымызға және жалпы адамзат құндылықтарына қайшы ойлар адамдардың санасын еркін улап жатыр. Соларды талқылау және біздің жіберіп жатқан кемшіліктерімізді талқылауды өзім үшін дұрыс көрдім. Себебі ата-бабасының аманат қылып қалдырған тілін, салт-дәстүрін, дінін келер ұрпаққа аман жеткізу әр азамат парызы деп санаймын.

Руханиаттың дағдарысқа ұшырауы бүкіл әлемде, әсіресе Батыста анық байқалады. Аз нотадан тұратын және қайталана беретін музыка, әдебиетінде жыныстық бұзғындық, көркем өнердегі абстракционизм (болмысқа жақындатып, ұқсатып бейнелеуден бас тартқан көркем өнер бағыты) менің сөзіме дәлел болатындай. Әрине Батыстың қарқынды дамып, соңғы ғасырларда бүкіл әлемге руханият жағынан үлгі болғаны сөзсіз. Бірақ олардың руханияты өзінің даму шегіне жеткен секілді. Солай болғанымен де Батыстың бүгінгі күнгі өмірге көзқарасы басқаларға дұрыс деп кино және интернет арқылы таратылуы басқаларға, соның ішінде бізге үлкен соққы болып тиіп отыр. Бір данағөй адам «Кезкелген қоғамды түзейтін де, құртатын да ғалымдары мен басшылары», - депті. Батыс елдеріндегі ғалымдар мен рухани көшбасшылар өздерінің ойларын әлемге үлкен қуатпен насихаттап, ол ойлардың дұрыс немесе бұрыс, пайдалы немесе пайдасыз екеніне ой жүгіртпейтіндей. Абай бабамыздың «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ»[2], - деген сөзі ойға осы кезде еріксіз келеді.

21 ғасырда гуманитарлық ғылым салаларының дағдарысы анық байқалады. Ал жаратылыстану ғылымдары керісінше дами отырып, осы күнге дейін гуманитарлы білімдер айналысып келген салаларды игеріп жатыр. Философия ғылымының дамымай қалу себебін ғалымдар жаратылыстану ғылымдарының қатты дамуы, және оның бір саласын игерудің өзіне адамның көп уақыты мен күші кететіні деп түсіндіреді. Философтар енді көбінде лингвистика секілді ғылымдармен жұмыс істейтін деңгейде болып қалды. Бір қуантар жағдай, қазақ философиясының енді күш алуы және бұл салада зерттейтін материалдардың бар болуы. Өзіміздің дүниетанымымызды талдауға деген мүмкіндік көп.

Қазіргі таңда биохимия ғылымының ғалымдары көптеген жаңалықтар ашты. Олар адамның организмінде бөлініп жатқан гормондар оның сезіну мүшелерін басқаратынын дәлелдеді. Және қай гормон қалай әсер ететінін де анықтады. Бірақ маған ұнамайтын бір жері, олардың махаббатты, адамның бақытын бар болғаны организмінде жүріп жатқан химиялық реакцияның әсері деп айтуы. Бақытты бар болғаны эндорфиннің бөлінуі деп түсіну барып тұрған надандық деп санаймын. Бәлки олар бақыттың не екенін білмейді. Әйтпесе неге бір адам қорлық көрсе де өзін бақытты сезінеді? Әлде ол адамның өзін-өзі алдауы ма? Бақыт деген ұғымды осы жерде біздің азаматтарға өзіміздің дүние танымымызбен жеткізу қажеттілігі туып тұр. «Адамның бақытты болуы деген не?» - деген сұрақпен биохимия емес, философия айналысқаны дұрыс. Себебі адам алкоголь ішсе де эндорфин бөлінеді. Онда ол адам мас па әлде бақытты ма? Және ол ғалымдар махаббат деген ол организмге окситоциннің бөлінуі дейді. Бірақ неге біз дәл сол адамға ғашық боламыз? Неге басқа адамға емес? Махаббат деген ұғымды құштарлықпен шатастыру керек емес. «Сыйластықтан асқан махаббат жоқ» - деген дана сөз бар. Осындай ұлы ұғымдарға бет алды жеңіл желпі қарау әлемдік құндылықтарға деген шабуыл ретінде көремін.

Батыстың қазіргі кездегі белсенді түрде насихаттап жатқан кеселі гомосексуализм. Бір қызығы осыдан 50-60 жыл бұрын бұл елдерде көпшілік жұрт гомосексуализмге жаман

көкараста болатын. Елу жылда ел жаңа демекші, жарты ғасыр уақыт аралығында гомосексуалдылықты жақтайтын адамдар осы елдердің билігіне көптеп шығып кетіп, өз халқына адам құқығы деген ұғымды жамылып, гомосексуализмді насихаттады. Және де гомосексуализмді психикалық ауру емес деген ғалымдарды қолдады. Түбінде бұқара бұл ойды өзініңкі деп санап кетті. Енді «Еуровидения» байқауын жеңіп алған адамды көріп, бұл кеселдің түбі не боларын бүкіл әлемге түсінікті деп ойлаймын. Әрине біздің қоғам бұл құбылысты жеккөретіндігі мені қатты қуантады.

Гендерлік саясаттың кейбір қырларын біздің ұлт дүниетанымына қайшы деп санаймын. Сонау Еуропа насихаттап отырған бұл саясат, сол мемлекеттерде болып жатқан отбасы институтының күйреуіне әсер етіп жатқан себептердің бірі осы мәселе. Біздің дүние танымымызда ер адам үй басшысы, отбасы тіреніші, қорғаушы. Ал әйел адам отбасы ұйытқысы, берекесі болып саналады. Және әйел адам ер адамға бағынышты. Мен бұл жерде әйел мен ер адам құқығы тең емес деп отырғын жоқпын. Айтайын дегенім әр нәрсе өз орнында болғаны дұрыс. Ер адамның қолынан жақсы келетін және әйел адамның қолынан жақсы келетін істер бар. Әркім өз ісімен айналысса нұр үстіне нұр болар еді.

Бауыржан Момышұлының «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі»[3],- деген жалынды сөзі бар. Және де ұлтқа қызмет етуді ең жоғары, мәртебелі қызмет санап, ұлт жолында жанын құрбан еткен адамдар қаншама. Осы ойларға қарсы шығып, «Мен өзім қай ұлтта туылғым келетінімді таңдаған жоқпын. Онда неге мен өз ұлтыммен мақтануым керек. Олай болса мен басқа ұлттың өкілі болып туылсам, онымен де мақтанатын едім» [4] немесе «Патриотизм – елді тонап, және оның қарсы шықпай тыныш отыруы үшін және сол елдің азаматтарын басқа елдің азаматтарына қарсы айдап салу үшін қолданылатын құрал», -деп айтқан адамдардың сөзіне ілескен біздің елдің азаматтары ішті қынжылтады. Егер бұндай ойларға қарсы пропаганда жүргізілмесе адамдардың отанға қауіп тудыруымен қоса өз әке шешесін сыламай кетуі ғажап емес. Себебі осы логикамен ойланатын болсақ, біз ата-анамызды, жынысымызды, бет әлпетімізді т.с.с көп нәрсені біз таңдамаймыз. Олай болса біз өзіміз де барға шүкірлік етпей, қанағаттанбай, эгоисттікке салынып ұнамайтын нәрсенің бәрін өзімізге ыңғайластыратын болсақ жақсы болмайды деп санаймын. Патриотизм – басқалардың саған не істегенін терең түсіну. Ата-ананың саған осы елдің салт-дәстүріне сүйене отырып тәрбие беруі, ата-бабаның сен үшін деп қан төгуі жай бола салған зат емес. Бәлки бізге деген үлкен насихат. Әр адам өзін ғана емес, басқаларды да ойлауы оған шынайы бақытты әкелері сөзсіз. Ал бұндай теріс ойлардың шығуы сол адамның патриотизм ұғымын түсіне алмауынан және өз қоғамына және басшыларына деген жеккөрушілік себебінен деп ойлаймын. Қалай болғанда бұл ойлар қауіпті.

Патриотизмді қозғаған соң біздің елдегі национализмді де тілге тиек етейік. Тәуелсіздік алған кезден бастап ұлттық сананы ояту мақсатында көп жұмыстар атқарылып жатыр. Және де ол жұмыстар өз пайдасын беруде. Бүгінгі күні біз өз тілімізді дамытып, тарихымызды еркін оқып және еркін зерттей алуымыз тәуелсіздік арқасында. Бірақ бұл мәселеде бір кемістік байқалады. Ол ұлтқа деген жалған мақтаныш ояту. Көп әдебиеттерде біздің халықтың тарихын асыра сілтеп жіберуі. Мысалы кей еңбектерде Шыңғыс ханды қазақ деп жар салып жатқан ғалымдар аз емес. Шыңғыс хан моңғол болмағанның өзінде ол барша түрікке ортақ тұлға. Және көп мақалаларда тек қазақ халқының жеңісін ғана айтып, онымен қоса біздің территорияда өмір сүрген ұлы мемлекеттер мен тайпаларды тек біздің ғана ата бабаларымыз деп насихаттау кездеседі. Әрине бұл оқушының өз ұлтына деген мақтаныш сезімін арттырары сөзсіз. Бірақ шектен шығу қажет емес. Өз ұлты үшін күресіп жеңсе де, жеңілсе де ол адамды мақтан тұту біздің солардың алдындағы қарызымыз. Өткенге құрметпен қарау керек. Өткенмен мақтанудың пайдасы шамалы. Бұл ойлар түбінде өз ұлтын өзгеден артық санауға алып келуі мүмкін. Ал біз сияқты көп ұлтты мемлекетке бұл қауіпті. Қазақстан көп елді мемлекет деп аталғанымен, халықтың жартысынан көп бөлігін қазақ ұлты құрайды. Бірақ басқа ұлттар аз болсада, олар шашыраңқы емес, көбіне бір елдімекендерге шоғырланып орналасқан. Осындай националисттік сипаттағы ақпараттармен көп сусындаған

азаматтар басқа ұлт өкілінің азаматтарымен арасында шиеленісті ұлттық мәселеге жориды. Бұндай қателерді сыртқы күштер мүлт жібермей аңдып тұрғаны сөзсіз.

Келесі қозғайтын мәселе дін болып отыр. Батыстағы үлкен ғалымдар және ғылымды насихаттаушылардың көбісі атеисттер. Олар өз діндері христиан дініндегі көп мәселелерден ақау тауып оған қарсы соғыс жариялап отыр. Құдай жоқ деп жар салып тек христиан ғана емес барлық діндерді теріс санап, барлық дінге қарсы агрессиялық насихат жүргізіп жатыр. Әрине дін мәселесі кеше ғана шыққан жоқ. «Құдай бар ма әлде жоқ па?»-деген сұрақ философияның ең үлкен сұрақтарының бірі. Жалпы философияның пайда болуына және дамуына атеистік көзқарас көп үлес қосты. Не дегенмен атеизм дінді жеңе алмайды. Себебі атеизм осы өмірден кейін өмір жоқ дейді. Әрине бұл адамның өмірді бағалап, оның әр уақытын сондай қастерлеп өткізуі керек деп тәрбие беретіндей көрінеді. Бірақ бұл өмірлік ұстанымның жалпы алғанда қауіп қатері мол деп санаймын. Және жалпы алғанда адамның жаны мәңгілікті қалайды. Дін адамға үміт силайды. Шыдамды, жақсылықты насихаттаған адамды сый күтіп тұрады және әр адам өзінің бұл өмірде айырылған адамдарымен жолығады деп сабырлыққа шақырады. Әрине мен қазір бұл тақырыпты толық ашып талқылайын деп отырған жоқпын. Себебі бұл тақырыпты бөлек қарастыру керек деп санаймын. Менің айтайын дегенім қазіргі батыс ғалымдарының жамандықтың көпшілігі діннен шығады деп насихат жүргізуі. Және әлемде болып жатқан діни экстремисттік қимылдардың осы сөздерге эффект қосып жатқаны сөзсіз. Осындай жайттардың кесірінен біздің елде ата-бабамыз ұстанған дін жолынан бас тартып жатқан жастар көбейді. Менің ойымша дінді білмейтін, адасқан, мұсылмандардың 10000 нан 1 бөлігін ғана құрайтын экстремистердің тобының кесірінен бүкіл мұсылмандарға және исламға күйе жағу нағыз адасу деп есептеймін. Бұл дегеніміз атом бомбасының жарылуы себебіне бүкіл физиктер мен физика ғылымы жаман дегенмен парапар. Және де ол ғалымдардың ғылымды «жекешелендіріп алуы», ислам мәдениеті менен ғылым үш қайнасада сорпасы қосылмайды деген ойды агрессиялы түрде насихаттауы әділетсіздік. Себебі көптеген философтар менен ғалымдардың еңбегі бүгінгі күнге келуіне ислам мәдениеті себеп. Осыларға қоса Таяу Шығыстан келіп жатқан экстремисттік ойлар біздің қоғамды үлкен дертке айналды. Исламның қағидаттары толып тұрған салт-дәстүрімізге қарсы шығып жатқан топтарға азаматтарымыздың көптеп қосылуы діни сауатсыздықтан, дәстүрмен тәрбиеленбегендіктен және қазақ тілін білмеуі. Соңғы жылдары осындай теріс ағымдарға қарсы бағытталған діни ғұламалар кеңесі құрылған болатын. Бұл кеңеске еліміздегі белгілі дінтанушылар мен дін қайраткерлері кіреді. Кеңес мүшелері республика бойынша ағарту жұмыстарын жүргізіп жатыр. Атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесін алдағы уақытта көретінімізге сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B>
2. Абай Книга слов. Поэмы. Перевод с казахского К. Серикбаевой, Р. Сейсенбаева. – Алматы: ЕЛ, 1993, 272 с.
3. <https://strategy2050.kz/news/16263>
4. https://www.youtube.com/watch?v=C3_BN38qhRc

УДК 172.4

КИБЕРЭТИКА

Тәуірбай Ақниет Әмірханұлы

akniet_2020@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, «5В050100-Философия»

мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Шойынбаева Ғ.Ә.